



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Кьеркегордың этикасы



Кьеркегордың моральдық жүйесі көп жағынан Шопенгауэрдің жүйесін еске салады. Екі философ та орташа адамның этикалық күйіне терең пессимистік тұрғыдан қарайды. Екі ойшыл да өз-өзінен жатсынуға жетелейтін рухани жолды ұстанады.

Артур Шопенгауэр – неміс философы. Иррационализм бағытының ең танымал ойшылы, мизантроп.

Ал Шопенгауэрдің жүйесі атеистік метафизикаға негізделіп құрылған, Кьеркегор Протестанттық христиандықтың басты ұстанымдарына қарсы эволюция жолымен өрбиді. Ол үшін өзінен-өзі жатсыну дегеніміз – этикалық өмірдің шарықтау шегі, ол – ақырғы сенімге берілудің алғышарты болып табылады. Шопенгауэрдің бағдарламасы жеке тұлғалық қасиеттердің өшуіне шақырады, ал Кьеркегор болса, адамды өзін Құдайдың бірегей жаратылысы ретінде қабылдап, өзінің жеке болмысын оның қалауына беруге итермелейді.

Сёрен Обю Кьеркегор – даниялық діни философ, психолог және жазушы, экзистенциализмнің негізін қалаушы.

Кьеркегордың эстетикалық тұлғасына назар салсақ, ол күнделікті өмірінде өз сезімдерін басшылыққа алып, рухани құндылықтарға мән бермейді; бірақ біз ол жайлы сезімнің жетегінде кететін арсыз, тойымсыз көргенсіз немесе сексуалды ауытқушылықтары бар адам ретінде ойламауға тиіспіз. Эстетикалық тұлғаның Кьеркегордың «Әлде/Немесе» еңбегіндегі екі басты кейіпкердің бірі ретінде келтірілген сипаттамасына назар аударсақ, ол – мәдениетті, заңға бағынатын, қоғамдық қатынастарда көпішілікке жағымды және басқаларды елемейтін әдеті жоқ адам. Оның этикалық тұлғадан ерекшелігі – ол өзінің қалаған нәрсесіне қолжеткізу мүмкіндігін шектейтін қандай да бір жауапкершілікті мойнына алғысы келмейді. Таңдау еркіндігін сақтап қалу үшін ол қандай да бір мемлекеттік немесе жеке лауызымдарға тағайындалудан бас тартады, шынайы, терең достықты, әсіресе, некелесуді қажет етпейді.

Кьеркегордың айтуынша, эстетикалық тұлға өз өмірін еркіндік деп санағанда қателікке ұрынады: шын мәнінде, оның өмірі тым шектелген.

Эстетикалық тіршілік ету, Кьеркегордың пікірінше, адамның өмір сүруінің алғашқы тәсілі. Бір қарағанда, эстетикалық өмір сүру адамның тіршілігінің ерекшелігінің көрінісі сияқты болып көрінуі мүмкін. Себебі эстетик үздіксіз даму және қалыптасу жағдайында болады, оның жеке тұлғасы үнемі өзгеріске ұшырайды: біресе ол шат-шадыман, біресе қайғыға беріледі, біресе «орасан мықты ақыл-ой жұмысымен шұғылданса», бір кездері «жайдарман» күйге еніп, түрлі нәрселерге қызығушылық танытады (мысалы, бейнелеу өнерімен немесе аңшылықпен). Анығында, бұл жерде, әсіресе, мәселе шынайы болмыс сияқты маңызды салаға қатысты болған кезде асығыс тұжырым жасаудың қажеті жоқ. Сол себепті біз эстетикалық адамның тіршілік ету амалына әлдеқайда мұқият үңілуіміз тиіс. Өмір сүрудің эстетикалық жағын қарастыру Кьеркегор философиясында ерекше орын алады. Көбіне, бұл Кьеркегордың (Регина Ольсенмен сөз байласуға дейінгі) өзінің студенттік шағында осындай «өмір сүру кезеңін» бастан өткергенімен тығыз байланысты. Кьеркегордың шығармашылығының зерттеушісі неміс Петер Роде жас Серенді былай сипаттайды: «Ол өз қалауларына ерік беріп, қолынан келгеннің бәрін істеді: түні бойы дәмхана мен мейрамханаларды жағалап, қарызға батты, ішіп-жеді, күмән туғызатын адамдармен араласты... Дәрістерге баруға құлшыныс танытпады, бір кездері теологиядан бас тартып, құқықтануға ауысуды ойлады, дегенмен бұл райынан әкесіне деген құрметінің арқасында бас тартты». Жағдайдың оңтайлы қалыптасуына байланысты Кьеркегор өз өмір салтының жайсыз екендігін уақытында ұғынды да, кейіннен одан философиялық қорытынды шығарды.

Кьеркегор «Мен» ұғымына үлкен мән береді. Адамдар басқа адамдардың дарынын немесе игіліктерін өз бойынан көргісі келеді; бірақ олар ешқашан басқа адам болғысы келмейді, өз «Менінен» басқа тұлғаны қаламайды. Эстетикалық деңгейде «Мен» әлі дамымаған, жіктелмеген; бұл сан алуан жүзеге асырылмаған және қарама-қайшы мүмкіндіктер саз-балшығы сияқты: бұл деңгейдегі өмір – нәтижеге жетпеген түрлі тәжірибелердің ұзын-сонар елірген тізбегі іспеттес. Эстет үнемі бір жүктілік жағдайында болатын секілді: ол үнемі қиналып жүреді, бірақ өз-өзін дүниеге әкеліп, босана алмайды. Ал этикалық деңгейге өту дегеніміз – өзіңнің шынайы «Мен»-іңді қалыптастыруға кірісу, мұндағы «Мен» өз еркімен таңдалған мінез-құлықты білдіреді. Өз дарындарын тиіп-қашып, әспеттеп қана қоюдың орнына адам өз ықыласын, бейімділігін



тауып, соны дамытуға бар күшін салуы тиіс. Этикалық өмір дегеніміз – борыш, бірақ бұл борыш сырттан міндеттелмейді, бұл іштей, саналы түрде жасалған таңдау. Жеке тұлғаның тиісті дамуы универсалды құқықтың интернализациясын, яғни сыртқы құрылымдарды игерудің нәтижесінде оларды ішкі реттілік аспаптарына айналдыруды талап етеді

Кьеркегордың көзқарасына сай, өмір сүрудің эстетикалық амалы қандай? Ең алдымен, болмыстағы тұрақсыздық. Кьеркегор эстетикалық тұлғаны мәңгі көшпендіге теңейді (Кьеркегор өмірдің эстетикалық сатысының үлгілерінің бірі ретінде мысалға Агасферді келтіреді). Ол тоқтап, тұрғылықты бір мекенге тұрақтай алмайды (бір жағынан оны қаламайды да, себебі қорқады). Эстет сыртқы шарттарға тәуелді, ол бір мезеттік дүниелерге еліккіш. Кьеркегор оны «бір минуттың құлы» деп атайды. Сыртқы жағдайлар мұндай адамды еліртіп ала кетеді, яғни ол осылай елігуге жол береді. Эстетик жан-жаққа сейіліп, шашылып жүргендей күйде болады. Оның жеке тұлғасы көптеген бөлшектерге «шашылып» кетеді де, ол өзін бірыңғай орталыққа жинақтай алмайды.

Эстетик өзінің осы қазіргі сәттегі шынайылығын ғана ұғынады, яғни ол қолда бар мүмкіндіктердің ешқайсысын саналы таңдау актісі арқылы жүзеге асырмайды. Оның ұстанатын негізгі принциптерінің бірі – ләззат алу. Сан-алуан ләззат алу түрлері, соның ішінде, сезімдік, интеллектуалды, өнерге байланысты және т.б. рақаттанулар – жай ғана бетперделер, олар жалған, ал эстетикалық тұлға олармен өз бетін бүркей отырып, шынайы адамның жеке тұлғалық өзегі, оның ішкі «Мені» орнығатын жеріндегі бос қуысты жасырмақ болады. Мұның көмегімен эстетик өзінің жеке тұлғалық болмысының жүгінен, өзінің шынайы тұлғасының алдына Жаратушының қойған міндеттерін орындаудан қашқандай болады. Эстетик өз өмірін осы болмыстағы жеке орнын табу міндетінен алшақтатып, басқа бір негізде сүргісі келеді. Оның ләззат алу амалдары түрлі көңіл-күйлерден көрініс табады: «Эстетик өзінің жеке тұлғасынан жатсынуға талпынады, себебі бұл – осы көңіл-күйге барынша берілудің, қалаулы күйлеріне толығымен сіңіп кетудің амалы – онсыз ләззат алу да мүмкін емес. Көңіл-күй дегеніміз – өзіңді бір ахуалға келтіру, өзіңді сыртқы жағдайларға бейімдеу, яғни өмірдің шеткері, үстіртін жақтарында өмір сүру. Бір қарағанда өте тартымды болып көрінетін эстетикалық өмір сүру амалы, шын мәнінде, өзінің түкке тұрғысыздығын жасырады: «Өз алдыңа, жеке тұлға ретінде сен – ешкімсің, сенің бар болмысың басқаларға қатысты ғана ашылады, сен басқалармен арадағы қатынастарда кім болуды талап етуге байланысты ғана таныласың». Эстетик үнемі өзін өтірік әспеттеп отыруға мәжбүр (себебі басқалар ол жайлы ерекше және ұнамды ойлау болуы тиіс), яғни оның «бетпердесі» шешіліп, құпиясы ашылып қалмауы тиіс. Сондықтан ол өзінің кездейсоқ таңдай қойған жеке тұлғасын оның қарама-қайшылықтары мен орынсыздығына қарамастан, барынша асқақтатып отырады. Бұл жасанды жеке тұлға – бар болғаны, эстетиктің тәуелді болатын сыртқы шарттары ғана, яғни эстетик болмыс үйлесімін бұзады, ол жеке тұлғалық өзегін дамытудың орнына, құнды қуатын сүйкімсіз маргиналдық кейіптерді жұртқа жариялауға жаратып тастайды. Эстетиктің басты мақсаты – басқа адамдардан ерекше болып көріну, сондықтан оның болмыстық өзегін, яғни бос қуысын басқа тұлғалардың өзегімен салыстыра бастаса, ол бірден «жеңіліп қалады». Бұдан жатсыну мен жалғыздық мәселесі туындайды. Бір жағынан эстетиктің өмірін абстрактілі ойшылдың болмысымен салыстыруға болады, екеуі де өмірді толыққанды сүруден қашқақтайды, себебі бұл – жеңіл: таңдау жасап қиналудың қажеті жоқ, өз әрекеттерің үшін жауапкершілікті мойынға алмайсың, Құдайдың алдында «қорқыныш пен үрейді» сезіну керек емес.

Кьеркегордың айтуынша, мұндай адам ашыну күйінде болады. «Өлімге деген ауру» және басқа да шығармаларында келтірілетін «ашыну» сөзі жабығу немесе қапалану күйін білдірмейді; эстетикалық жеке тұлға, шын мәнінде өзін бақыттымын деп санауы мүмкін. Кьеркегордың пікірінше, ашынуға бой алдырған адам – бұл қазіргі өмірінен асқақ нәрсеге үміті қалмаған адам. Ашыну дегеніміз – бұдан жоғары, рухани асқақ «Менге» қолжеткізу мүмкіндігін ұғынбау, яғни ашыну – сирек кездеспейтін, универсалды деуге боларлық құбылыс. Кьеркегордың сөзімен айтқанда, адамдардың басым көпшілігі өздерін «әлемге салып жібереді». Олар барлық қабілеттерін пайдаға асырады, ақша-дәулет жинақтайды, күнделікті күйбең тіршіліктің соңында кетеді, түрлі нәрселер жайлы пікірлерін қалыптастырады және тағысын тағы солай жалғаса береді. Бәлкім, бұл адамдардың есімдері тіпті тарихта да қалатын шығар, бірақ олар шынайы жеке тұлға емес, рухани тұрғыда олардың шынайы, ол үшін бәрін бәске тігетін жеке «Мені» жоқ.



Бұл күйден арылудың алғашқы қадамы – адамның ашыну күйінде екендігін ұғыну. Адамның эстетикалық бақытының жасырын қабаттарында беймаза үрей болады. Уақыт өте келе, ол сол үрейді сейілту дегеніміз – өзіңді сейілту екендігін түсіне бастайды. Осы кезде ол: ашыну күйінде қалу ма, әлде этикалық өмірге бет бұрып, ілгері жылжу ма деген таңдауға тап болады. Мұндай өмір сүрудің сипаты мен оны іске асырудың қажеттілігі Кьеркегордың «Әлде/Немесе» атты туындысындағы кейіпкер – Вильгельм есімді соттың жазған хаттарында айқын бейнеленеді. Вильгельм – этикалық өмірді ұстанушы. Ол отбасылы, төрт баласы бар, әрі ол – азаматтық соттың қызметкері. Оның жазған хаттарының мәнері оқығанға күрделі, түсінгенге қиын. Вильгельм эстетикалық және этикалық өмір салтын ұстанудың арасындағы айырмашылықты жан-жақты ашып көрсетеді.

Сонымен адам болмысының ерекше бір сипаты – таңдау жасаудың міндетті қажеттілігі, яғни адам өмір алға тартатын нұсқа-мүмкіндіктердің бірін қабыл алуы тиіс. Мұндай таңдауды жүзеге асыру өмірдің осы этикалық деңгейінде орындалады. Таңдау – өмірдің этикалық амалының негізгі сипаты. Кьеркегордың айтуынша, таңдау жайы сөз болған жердің бәрінде этикалық мәселелер туындайды. Егер біріншісі – эстетикалық таңдау – бірдеңені таңдау емес, бірдеңені таңдауға келісу болса, этикалық таңдаудың ерекшелігі – ол адамның алдына бірін-бірі терістейтін балама таңдауларды қояды. Этикалық таңдау жасалған соң жақсылық пен жамандықты ажырата білу іске асады. Бұл жерде Кьеркегор этикасының Кант этикасымен арадағы жасалған салыстыру қызық. Кант бойынша игілік адам еркінің қалауларынан тәуелсіз ноуменалды салаға жатады. Егер адам категориялық императивті, яғни жалпыға ортақ объективті моральді заңды басшылыққа алатын болса, ол адамгершілік талабына сай әрекет жасайды. Ал Кьеркегордың пікірінше, басқа да жағымды ұғымдар секілді игілік те адамның еркін іске асыратын әрекетінің нәтижесінде таңдау жасағанда ғана пайда болады. «Игілік менің қалауымнан пайда болады», – дейді Кьеркегор, – әйтпесе оның болуы мүмкін емес. Демек, игіліктің алғышарты – еркіндік.

Судья Вильгельм бізге Кьеркегордың мораль туралы соңғы сөзін жеткізбейді, себебі этика деңгейі – оның жүйесіндегі ең жоғары категория емес. Кьеркегордың өзі жұмысқа орналасып, отбасын құрмады, бұл – этикалық өмірдің екі белгісі. Өзінің жеке тағдыры мен отбасының трагедиялық тағдырына орай ол некенің жайлы және отбасының берік болуына кепіл ретінде өзінің барлық құпиялармен бөлісуге дайын еместігін сезінді. Кьеркегордың пікірінше, этикалық өмірдің талаптарына тап болғанда адам өз болмысының әлсіздігін өткір сезінеді, оны еңсеру үшін ол ерік-жігеріне жүгінуі тиіс, бірақ кейде оған шамасы келмей жатады. Ол адамгершілік заңдарының талаптарын орындау үшін жеке күштерінің жеткіліксіз екендігін ұғынады. Бұдан өзін кінәләу сезімі мен күнә жасауға бейімділігін ұғыну пайда болады. Егер адам бұл нәрседен құтылғысы келсе, ол этикалық саладан діни салаға өтуі тиіс, яғни ол сенімге «секіріс» керек.

Ницше мен құндылықтарды қайта қарау

Христиандық өмірге үндеу ақыл-парасат тұрғысынан ақталуы мүмкін емес деген пікірге қатысты Ницшенің көзқарасы Кьеркегорға ұқсас болды. Ницше христиандықты иррационалды деп сипаттауға көп күш салған жоқ. Оның басты уәжі: христиандық діннің негізгі идеясы – адамның ар-намысын басып-жаншиды. «Мораль генеалогиясы» сияқты еңбектерінде Ницше христиандық моральдің басты ұстанымдарын теріске шығаруды емес, оның бастапқы себептерінің аса сенімді еместігін көрсетуді мақсат тұтады.

Фридрих Вильгельм Ницше – неміс ойшылы, классикалық филолог, композитор, ақын, ерекше философиялық ілімді құрушы.

Ницшенің айтуынша, тарих моральдің екі түрін ұсынады. Көне замандарда қуатты, көп артықшылықтарға ие ақсүйектер немесе «патрицийлер», өздерін басқа адамдардан жоғары санай отырып, өз қасиеттерін – асыл тектілік, ержүректік, шынайылық, жұмсақтық және т.б. – игі қасиеттер деп сипаттады. Ал плебейлердің немесе әлеуметтік деңгейі төмен адамдардың қасиеттері – әдепсіздік, қорқақтық, өтірікқұмарлық және қараңғылық болып саналатын, яғни бұл дегдарлық немесе қожайындық мораль. Кедей және әлсіздер, ақсүйектердің билігі мен байлығына қапалылар бұл жүйені «төңкеріп тастады». Олар өздерінің қарама-қарсы, тобырға



лайық құндылық жүйесін жасап алып, тек жеңілгендер мен тағдырға бой ұсынғандарға ғана пайда әкелетін көнбістік, жанашырлық және мейірімділік сияқты қасиеттерді жоғары құндылық санады. Олар адамның ақсүйектік типінің бойынан зұлымдықтан бұрын, позитивті жамандықты көретін. Осындай жаңа жүйенің енгізілуін Ницше «құндылықтарды қайта қарау» деп атап, оған еврейлерді кінәләйтін. Бұл еврейлер қоғамның ақсүйектер мен қаралар арасындағы теңдеуін өзгертіп, керісінше, әлсіздердің жеккөрінішін әспеттеп, оны жөн санауға итермеледі. Бұл жүйе кедейлерді, әлсіздерді, қорланғандарды ғана жақсы деп танып, азап шегушілер, аурулар, ұнамсыздар, аяушылық тудыратындарды құтқарылуға бір қадам жақын, Құдайдың сүйікті құлдары ретінде қарауды ұсынды. Ал ақсүйектерді зұлым қатігез, тойымсыз, сенімнен айырылғандар ретінде сипаттап, олардың мәңгі Құдайдың қарғауында болатын адамдар деп санады. Еврейлердің бастап берген құлдар көтерілісінің шарықтау шегі – христиандықтың келуі. Бір кездері ақсүйектік игіліктің отаны болған Римнің өзінде бұдан әрі адамдар төрт иудейге сыйынды, олар: Иса, Мария, Петр және Павл.

Ницшенің пікірінше, христиандық өзін махаббат пен сүйіспеншілік діні ретінде сипаттағанымен, шын мәнінде оның түпнегізі әлсіздікте, қорқыныш пен ызада жатыр. Оның қозғаушы күші – Ницше ресентимент деп атаған әлсіздердің мықтыларға кек қайтаруды армандауы, Христиандар өздерін құдайы өсиеттерді орындаушылар ретінде сипаттайды, бірақ бұл тек ұятты күйін жасырудың амалы ғана. «Христиандар, – дейді Ницше, – әлсіздерге көмектесуді оларды аяғанынан емес, өздерінің солардың үстінен билікті іске асыруды қалауына байланысты жасайды». Филантропия екіжүзді болмаған күннің өзінде, оның әкелер пайдасынан зияны басым. Ол мұқтаж жанды кемсітеді. Аяу дегеніміз – у, ол жанашыр адамға басқалардың азаптануын жұқтырады.

«Христиандық діннің кеңінен таралуы адам баласының құлдырауына алып келді», – дейді Ницше. Әлсіздерге мүсіркей қарау жалпы адамзаттың денсаулығы мен қуатын әлсіретеді. Қазіргі адам нағыз шынайы адам болу еркінен айырылған қарапайым ергежейлі ғана. Тұрпайылық пен дарынсыздық нормаға айналды; асыл текті мұраттың адам бойынан көрінуі сирек болып барады.

Еуропадағы тобырлық адам қазіргі кезде мүмкін болатын адамның жалғыз үлгісі ретінде үйреншікті болды. Ол өзін көнбіс, жуас және тобырға ыңғайлы адам ретінде танытатын қасиеттерін нағыз адами ізгіліктің үлгісі боларлық: қоғамдық рух, естілік, еңбекқорлық, ұстамдылық, қарапайымдылық, шыдамдылық, жанашырлық ретінде әспеттеп, көтермелеп жатыр. Алайда көшбасшы немесе жетекші алмастыруға болмайтындай жағдайлар кездеседі, мұндай кездерде адамдар шынайы қолбасшылардың орнына ақылды тобырлық адамдардың жиынтығын жасауға ұмтылысын жалғастыра береді: мысалы, барлық парламенттік конституциялардың пайда болу жолы осындай. Алайда ештеңеге қарамастан еуропалықтардың тобырлары үшін абсолютті командирдің келуі қандай ауыр жүкті иықтарынан түсіргендей болады! Оның тамаша бір үлгісі – тарих сахнасында Наполеонның пайда болуы. Наполеонның ықпалының тарихы – осы ғасырдың ең құнды сәттерін көрсетіп, халықты ең жоғары бақытқа бөлейтін кезең.

«Егер адамзат құлдыраудан құтылғысы келсе, – дейді Ницше өзінің Антихрист атты еңбегінің алғашқы бетінде, – оның бірінші қадамы – христиандықтың құндылықтарын қайта қарап, оларды терістеу. «Әлсіз және жолы болмайтындардың көзі жойылады: бұл біздің адамзатқа деген махаббатымыздың ең бірінші қағидасы».

Алайда терістелуі тиіс тек христиандық мораль ғана емес. Біз жақсылық пен жамандық арасындағы текетіресті еңсеруіміз тиіс, себебі бұл – кез келген құлдық моральдің ерекше сипаты. Мысалы, ақиқатты – фундаменталды құндылық санайтын тек христиандар ғана емес. Бірақ біз шешімдерге келгенде жалғандығына бола оларға қарсы шықпауымыз керек.

Мұндағы мәселе – шешімнің өмірді сақтауға, оны күшейтуге, нығайтуға бағытталуы. «Адамдар, – дейді Ницше, – логикалық ойдан шығарылған нәрселерді қабыл алмай өмір сүре алмайды». Жалған пайымдаулардан бас тарту дегеніміз – өмірден бас тартуға барабар. Өтірікті өмірдің ережесі етіп мойындау? Дәстүрлі құндылықтардан бас тартудың қауіпті түрі ғой! Мұны орындауға батылы жеткен философия өзін осыдан-ақ жақсылық пен жамандықтан жоғары қойды.



Фридрих Ницше

Мұндағы ақиқат – нақты бір тірі ағза өмір сүре алмайтындай қателікте. Өмір дегеніміз – басқалардың бәріне баға беруге боларлық ең жоғары құндылық. «Үнемі құндылықтар жайында сөз қозғағанда, – дейді Ницше, – біз өмірдің ықпалымен және өмір тұрғысынан ой өрбітеміз». Адам өмірі – тіршіліктің осы күнге дейін пайда болған ең жоғары формасы, бірақ қазіргі заманда ол өзіне дейінгі тіршілік еткен формалардың деңгейіне түсіп кетті. Біз өмірді асқақтатып, қожайын мен құлдың тезісі мен антитезасының құрсауынан алып шығып, оны жаңа деңгейге – Супер-адам немесе Бірегей-адам деңгейіне көтеруіміз қажет.

Супер-адамның немесе Бірегей-адамның келуін болжау Ницшенің сәуегейі Заратустраның бізге жеткізетін хабары. Супер-адам немесе Бірегей-адам – өмірдің ең жоғары формасы, өмір сүруге деген құлшыныстың ең жоғары деңгейдегі дәлелі болмақ. Бірақ біздің өмірге деген еркіміз Шопенгауэрдікіндей әлсіздердің еркі емес, билікке деген құлшыныс болуы тиіс. Билікке талпыну – өмірдің ең басты құпиясы; әрбір тірі ағза өз қуатын, өз қабілеттерін барынша іске асыруға ұмтылады. Ләззат алу дегеніміз – өз қуаттылығыңды ұғыну. Білім дегеніміз – оның мүмкін деңгейінде, абсолютті шындықтың жоқ жағдайындағы биліктің құралы ғана.

Адамзат дегеніміз – Супер-адамға немесе Бірегей-адамға жетудегі бір саты ғана, ол осы әлемнің – мәні. Адамзат – одан асып түсу қажет бір деңгей ғана, ол түпкілікті мақсат емес, оған жеткізетін көпір ғана. Супер-адам эволюция күштері арқылы емес, еріктің іске асырылуы арқылы ғана пайда болады. Сенің еркің айтуы тиіс: «Супер-адам – осы жердің мәні». Супер-адамның немесе Бірегей-адамның келуі – әлемнің кемелділікке қарай ұмтылуы, ол әлемге мән-мағына әкеледі. Бірақ барлық нәрсе үнемі қайталанып отыратындықтан, бұл – тарихтың аяғы емес. Супер-адамның немесе Бірегей-адамның екінші де, үшінші де, шексіз сандық та келулері болады.